

**2021-2022 оқу жылындағы 1 «Ә» сынып оқушыларымен
жүргізілген тәрбие жұмысына
ТАЛДАУ**

Мақсаты: Оқушылардың патриоттық және азаматтық сана, адамгершілік, толеранттылық, жалпы мәдени, салауатты өмір салтын, шығармашылық қабілетін іске асырудың жоғары деңгейін қалыптастыру, ұлттық тәрбие жүйесін дамыту және жаңғырту, девиантты мінез-құлықтардың алдын алу.

2021-2022 оқу жылында 1 «Ә» сынып оқушыларымен жүргізілген тәрбие жұмыстарында **«Құндылықтарға негізделген білім беру»** бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізілді. Бұл бағдарлама білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

«Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы білім алушылардың өзін-өзі тануын, өзін-өзі дамытуын, әлеуметтік жауапкершілігі мен әлеуметтенуін қалыптастыруға ықпал етті. Жақсы қасиеттер «Мен айтқандай істе» тұрғысынан емес, «Мен сияқты істе» тұрғысынан беріліп отырылды.

Жүргізілген іс-шаралар:

Жұмыстар: сабақтар, мерекелер, экскурсиялар, викториналар, конкурстар, жарыстар, әңгімелер формасында жүргізілді. Сыныптағы іс-шараларға барлық оқушылар қатысты.

Оқу жылында келесі тәрбие сағаттары өткізілді:


- Қыркүйек: «Тәуелсіздік жетістіктері» сынып сағаты, «Ахмет Байтұрсынов – қазақ халқының ұлы көсемі» тәрбие сағаты, «Ұлттық ойын – халық мұрасы» турнирі, «Әкем, анам және мен!» отбасылық сайысы, «Біз бақытты баламыз!» сурет байқауы, «Мектеп медбикесімен кездесу» әңгіме.
- Қазан: «Мен жасаған ойыншық!» эко-сайысы, «Математика әлеміне саяхат» интеллектуалды сайысы.
- Қараша: «Бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол» тәрбие сағаты, «1001 мақал, 101 жұмбақ» сайысы, «Салауатты өмір – заман талабы» сынып сағаты.
- Желтоқсан: «Ел тірегі -Елбасы» сынып сағаты, «От пен су – тілсіз жау» әңгіме.

- Қаңтар: «Әке асқар – тау» тәрбие сағаты, «Әлемнің жеті кереметі» сынып сағаты, «Жаман әдеттерден аулақ болайық» әңгіме.
- Ақпан: «Мемлекеттік рәміздер - ұлттық мақтаныш», «Атадан қалған асыл сөз», «Табиғат-денсаулық мекені» сынып сағаттары.
- Наурыз: «Қоқыссыз әлем», «Дені сау адам -дәулетті» сынып сағаты.
- Сәуір: «12- сәуір ғарышкерлер күні» суреттер байқауы, «Мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар» сайысы, «Кітапханаға саяхат» экскурсиясы, «Мен спортшы болсам...» сынып сағаты.
- Мамыр: «Бірлігі жарасқан елміз» тәрбие сағаты, «Жыл оқушысы» интеллектуалды сайысы.

Мектепшілік іс-шараларға және сыныптан тыс іс-шараларға белсене қатысты:

- Білім күні: «Біз оқушы атандық!» - 1-сынып оқушыларына арналған «Әліппе» оқулығын табыстау салтанатты рәсімі;
- «Қартайдым мен демеші» қарттар күніне арналған іс-шара;
- тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыру және өткізу, төтенше жағдайларда «Өрт қауіпсіздігі» практикалық дағдыларын қалыптастыруға үйрету;
- «Күзгі мотивтер негізінде» балалар суреті мен қолөнер көрмесі;
- «Біздің оқу құралдарымыз мен оқулықтарымыз» (рейд);
- Тәуелсіздік күніне арнаған іс-шара;
- «Сау бол, менің Әліппем!»
- «Кел, Жаңа жыл!» Жаңа жылдық мереке;
- «Өзін-өзі тану: Сүйіспеншілік пен Шығармашылық педагогикасы» онкүндігі
- «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні» мерекелік іс-шарасы;
- «Төрлет, Наурыз!» мерекелік іс-шарасы;
- «Жеңіс күні» мерекелік концерті.

Қорытынды: 1-сынып оқушыларын тәрбиелеу бойынша жүргізілген жұмыстар алға қойған мақсат-міндеттерімізге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Тәрбиелік шаралар арқылы оқушылар өздерінің қоғамдағы орнын табуға талпыныс жасап, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, оларды тиянақты орындайтын дәрежеге жетті. Халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін қастерлеп ұстауды үйренді. Мектепте, басқа да әлеуметтік ортада оқушылардың өзін әдепті ұстауға, жан-жақты дамытуға тырысу, өзгеріп жатқан өмірге икемделу сияқты қасиеттерді бойына сіңіруге саналы түрде бетбұрыс жасады.

Сынып жетекшісі:  Ажибаева А.С.